

Қазақстан Республикасында бастауыш және орта кәсіптік білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 15 мамыр N 721

Бастауыш және орта кәсіптік білім беруді одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне:

1) жастарға бастауыш және орта кәсіптік білім берудің, жұмыссыз азаматтарды даярлаудың және қайта даярлаудың аймақтық бағдарламасын әзірлеу. Еңбек рыногының мониторингін тұрақты жүргізу, экономиканың салалары бойынша білікті жұмысшылар мен мамандарға сұранысын анықтау;

2) қолда бар бастауыш және орта кәсіптік білім беру орындары желісін сақтау және оны одан әрі дамыту жөнінде шаралар қолдану;

3) мемлекеттік бастауыш және орта кәсіптік білім беру орындарын облыстық бюджеттер есебінен қаржыландыруды қамтамасыз ету;

4) аймақаралық деңгейде білікті жұмысшылар мен мамандарды Қазақстан Республикасының орта кәсіптік білім беру орындарында даярлауға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру және орналастыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі белгіленген

тәртіппен:

1) бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарының арнайы пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін дайындау және басып шығарудың мақсатты бағдарламасын;

2) бастауыш және орта кәсіптік білім беру орындарын ақпараттандырудың мақсатты бағдарламасын әзірлесін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ